

## Іс-әрекетті зерттеу рефлексиясы

Математика пәні бойынша «Әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың белсенді қабілеттерін дамыта аламын ба? тақырыбында ашық сабақ бердім. Мақсатым: Математика сабағында логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Өз мақсатым математика сабағын қызықты, тартымды өткізу.

Сыныбымда оқытудағы болатын өзгерістерді нақты байқау үшін анықталған А, В, С оқушыларымды айтсам: бұл оқушыларым мінездері, оқу, қарым-қатынас жақтарынан бір-біріне ұқсамайды. Іс-әрекетті зерттеу жұмысы барысында осы үш оқушыма көп назар аудардым. Себебі, алған тақырыбым әртүрлі деңгейдегі оқушылардың дамуына әсері қандай болады екендігін білуім керек. Жеке осы оқушылар үшін қандай дамыту жұмысын жүргізу тиімді боларын анықтағым келді.

А-оқушым үздік оқушы, мінезі салмақты, өз ісіне жауапкершілікпен қарайды тиянақты, ынталы бала. Тілдік қоры бай, өз ойын еркін жеткізе алады. Мен осы оқушымның жеті модульдің қайсысынан әлде де жақсы жақтары ашылатындығын көргім келді.



В-оқушым мінезі ашық, тілдік қоры өте аздығынан қиналады, ұнамайтын жағдайларды айтып салады, достарымен қарым-қатынасы жақсы. Осы оқушының тағы басқа жағынан ашылуын көргім келеді.



С-оқушым оқу үлгерімі төмен, мінезі ауыр, тілдік қоры аз. Бұл оқушыны алға ұмтылдырып, қызығушылығын арттырып, жауапкершілікке қандай әдіс-тәсілдердің әсері тиерін анықтағым келді.

Топтық жұмыста осы балалар әртүрлі тапсырмалар орындады. А-оқушы өзін көшбасшылық жағынан көрсете білді. Бұл бала тобындағы жауапкершілікті өзіне алуға қорықпады, қалғандарына бағыт беріп, көмектесіп, ойларын тыңдап толықтырып отырды. Топпен жұмыс кезінде жауапты нақтылай толықтыра білді. Ауызша тез ойланып, ойын жеткізеді. Достарымен тіл табысады. В оқушымның өзгерісін көрдім. Бұл баланың бойында жақсы қасиеттері ашылды. Олар: сыныптасына көмектесу, басқаны мадақтау. Ең негізгісі В оқушым іздене бастады, тілдік қоры жағынан да шамалы ілгері

өзгерістер байқалды. Бала өз ойын еркін айтуға қысылмайтын болды. Сабақта қолданған әдіс-тәсілдер арқылы осы оқушының бойына өзгерістер пайда болды. Бала өз ойын жеткізуге талпынды, өрнектерді қатесіз шығаруға тырысты..

Зерттеу тақырыбыма байланысты әр сабақта берілетін тапсырмалар өзгеріліп отырды және оқушыларға тиімді болуын ойластырдым.

Осы сабағыма қатысқан әріптестерім де болды. «Сыншыл дос» аясында сабаққа әріптесім қатысып өз ойын, ұсынысын білдірді. Жалпы сабақты жақсы деп бағалап, оқушылардың бейімделіп келетінін айтты. Келешекте жаңа әдістерді тиімді қолданып , оқушылардың ойларын әрі қарай дамытуға тілек білдірді.